

Евразийского Экономического Союза с мировым сообществом. Авторы приходят к выводу, что формирование Евразийского Экономического Союза потребует большого объема работы по решению правовых, институциональных, технических, организационных и процедурных вопросов в целом ряде взаимосвязанных областей. В этом плане ключевое значение имеет правильная последовательность шагов, особенно с учетом сжатых временных рамок.

**Тлеубердинова А.Т.** - д.э.н., профессор Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова

**Аскеев А.Г.** – м.э.н., эксперт (Канцелярия Премьер-Министра Республики Казахстан)

**Джумабаева Ш.Б.**, - м.э.н., ст. преподаватель Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова

*Поступила 27.03.2015 г.*

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 301 (2015)

### **Innovative technology and foreign language teaching**

**T.N. Kalbirova**

[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)

Kazakh national technic university named after K.I. Satpayev, Almaty, Kazakhstan  
The Constitutional council of the Republic of Kazakhstan

**Key words:**multimedia learning paradigm of learning, communicative activities of students' independent work intensification.

**Abstract.** The article deals with the necessity and importance of innovative technologies in the classroom foreign languages. Also discussed in detail in multimedia technology, acting as special intellectual activity funds. They have a number of advantages compared with other information technology training, as they allow: to improve the process of organic combination of traditional forms and methods of education with innovative; implement training, information, games, modeling, design and analysis functions; observe didactic principles as the visibility, accessibility, feasible difficulty systematic transition from education to self-education, positive emotional background of learning, linking theory with practice. The use of innovative learning technologies creates the most favorable conditions and contributes significantly to the motivation in learning foreign languages.

### **Шет тілдеріне арналған инновациялық технология және білім беру**

**Т.Н. Калбирова**

[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)

**Тірек сөздер:**білім берудің мультимедиялық әдістері, білім берудің парадигмасы, студенттің коммуникативті әрекеті, өзіндік жұмыстың интенсификациясы.

**Аннотация.** Мақалада шет тілі сабақтарында инновациялық технологияны қолданудың қажеттілігі мен маңыздылығы айқындалады. Сонымен бірге мақалада ерекше зияткерлік әдістер ретінде мультимедиялық технологиялар толығымен қаралып жатыр. Олардың дәстүрлі формалардың органикалық байланыс процесін және инновациялық білім беру әдісін жетілдіру; білім беруші, ақпараттық, ойын, модельдеуші, құрастырушы және аналитикалық міндеттерді іске асыру; көрнекілік, қол жетімділік, қиындық, жүйелік, білім алудан өз бетімен білім алуға өту, білім берудің жағымды эмоциональды фоны, теорияның тәжірибемен байланысы сияқты ортақ дидактикалық қағидаларды орындау мүмкіндіктерін беретіндіктен, білім берудің басқа ақпараттық технологиялармен салыстырғанда артықшылықтары бар. Білім берудің инновациялық технологияларын қолдану өте қолайлы шарттар тудырады және шет тілдерін үйрету процесінде себептердің едәуір жоғарылауына үлес қосады.

Білім берудің мультимедиялық әдістерін қолданбай шет тілдерін үйрету мүмкін емес. Ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау нақты процесстің мысал келтіру мүмкіндігі, оқылатын тіл мен мәдениеттің нақты шарттар функциясына білім беретін ортаның жуықтау қажеттілігі, сөзсіз, шет тілдерін үйрету әдісінің маңызды міндеттері болып табылады.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры тілді дәстүрлі үйретуге өз түзетулерін енгізеді. Жаңа мүмкіндіктер арқасында қазіргі кезде білім беру барысында компьютер технологияларын қолдану зор

мәнге ие. Жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологиялар енгізу білім беруге жол ашады, ашық түрде білім беру жүйесін қалыптастырады, қазіргі дипломды маман ие болуға тиісті квалификациялы сипаттама ұсыныстарын өзгертеді.

Қазіргі педагогикалық ғылым білім беруде жаңа технологияларды қолдануға тырысады. Жоғарыда келтілген интерактивті медиа сонымен бірге өзінің сенімді қолданысын алады. Әр түрлі интерактивті оқытатын компьютер бағдарламаларының көпшілігі ағылшын тілін үйретуде фонетикалық және грамматикалық аспектілерді дербес талқылау және оларды қолдануда дағдысына дейін жеткізу көзделеді. Осы бағдарламалардың ерекшеліктері интерактивті диалогтар, сөйлеуді тану жүйелері және дыбыстау визуализациясы, дыбыстардың артикуляциясын көрсететін анимацияланған роликтер, сөйлеу дағдысының барлық түрлерін дамыту үшін жаттығулар, аудармамен бейнесюжеттер, білім алуда өз нәтижелерін зерттеу болып табылады.

Ағылшын тілін үйретудің мақсаты студенттердің коммуникативті қызметі болғандықтан, яғни тілді толығымен игеру, білім беру барысында оқытушы міндетіне әрбір студенттің қызметін жандандыру, олардың шығармашылық белсенділігі үшін жағдайлар жасау кіреді. Ақпараттық бағдарламалар және интернет-технологиялар, сонымен бірге ынтымақтастықта үйрену және жобалы әдіс осы мәселелерді шешуге мүмкіндік беру сияқты заманауи әдістерді қолдану.

Мультимедиа технологиясы (ағ. multi-көп және media-орта) бірнеше ортаның (мәтін, видео, аудио, кесте, анимация және т.б.) аудиовизуалды ақпараттарын біріктіретін, қолданушының жүйеммен интерактивті диалогын және дербес қызметтердің әр алуан түрлерін іске асыратын ақпараттық білім беру технологиясы ретінде қарастырылады.

Білім беру барысында мультимедиалық технологияларды қолдану: дәстүрлі формалардың органикалық байланыс процесін және инновациялық білім беру әдісін жетілдіру; білім беруші, ақпараттық, ойын, модельдеуші, құрастырушы және аналитикалық міндеттерді іске асыру; көрнекілік, қол жетімділік, қиындық, жүйелік, білім алудан өз бетімен білім алуға өту, білім берудің жағымды эмоционалды фоны, теорияның тәжірибемен байланысы сияқты мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар мультимедиалық технологиялар компьютерді жобалау, пішіндеу және құрастыру тұрғысынан төңіректегі біртұтас әлемді таныстыру үшін жасалған мультимедиалық бағдарламаларға, энциклопедияларға, сөздіктерге және арнайы ақпараттық білім беру орталықтарына сүйенеді.

Мультимедиалық технологиялар ерекше зияткерлік әдіс ретінде және басқа ақпараттық білім беру технологияларымен салыстырғанда артықшылықтары бар болғандықтан, олар:

1. Тұрақты жетілдіру мазмұны және заманауи шарттармен тәрбиелеу әдісі педагогикалық құрал болып табылады.

2. Лингвистикалық қабілеттері бар студенттерді айқындау және қолдауға мүмкіндік береді.

3. Дистанциялық білім берудің негізі болып табылады

4. Бүкіләлемдік желі Internet және кең байланыс желісі арқылы тәрбиелеудің озық әдістері мен жалпы педагогикалық жұртшылық білім беруге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

5. Жасанды тіл ортасын құрады, шет тілін (ШТ) үйретуде жеке білім алуын қамтамасыз етеді, студенттің дербестігін және жауапкершілігін арттыру, барлық жастағы топтарға ШТ үйретуді ұйымдастыру, қатысушының өз қызығушылықтары мен мақсаттарына байланысты ШТ үйрету, ШТ үйретуде мәдениетаралық компонент енгізу.

6. Мультимедиа технологиялары жаңа және бейнелеу көрнекіліктері әдістерінің құрылуының шексіз мүмкіндіктерін көрсетеді. Мультимедиа (қосымша құралдары бар компьютер) әрбір шет тілін үйренушіге мұқият бақылау және тұрақты жедел көмек арқылы орындалатын өзіндік жұмыстың қуатты құралы болуға қабілетті болуы керек.

Білім беру барысында тиімді жақтарымен қатар мультимедиалық технологияларды жаппай құруға және енгізуге кедергі келтіретін тиімсіз тенденциялары да бар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- 1) осы технология негізінде білім беру процесі мен оны ұйымдастыруды енгізу мультимедиалық технологияларды белсенді пайдалану үшін қолданыстағы білім беру жүйесінің дайындығының болмауы;

- 2) білікті құрастырушылардың тапшылығы;

- 3) мультимедиалық технологиялардың дамыған әдістемесінің болмауы;

- 4) мультимедиалық технологияларды құру мен енгізу үшін қаржының жетіспеушілігі;

- 5) сарапшылық аппараты құрастырылмаған.

Қазіргі заманғы білім беру элеуметтік мәдениет жағдайындағы қиыншылықтарға төзімді, инновациялық процестерді ғана емес, коммуникация процестерін де кең мағынада қолданатын мамандарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Заңгер, политолог, менеджер, экономист, мұғалім және

т.б. мамандар коммуникативті мәдениетті, ынтымақтастыққа қабілетті, диалог жүргізе алатын, сөзге шебер, яғни коммуникативті білікті болуы қажет.

Болашақ маманның коммуникативті біліктілігінің астарында біз адами құндылық болуы керектігін түсінеміз, оған үш қасиет тән: 1) перцептивтілік қызмет - бұл қасиет іскерлік әріптесті қабылдау және түсіну, өз ойын білдіру үшін қажет; 2) коммуникативті қызметті жүргізуге арналған, мынадай сипаттарды ұйымдастырған қасиет: алдыңғы коммуникативті қызметті қалпына келтіреді, ақпарат береді, шығармашылық бірлестік ұйымдастырады, сөйлесу процессін басқару, болашақ коммуникативті қызметті жобалау; 3) коммуникативті-операциялы қызметті жүзеге асыруға арналған қасиет - басқа тұлғалармен сойлесу барысында өзін-өзі ұстау және басқару.

Білім берудің **қарқынды технологиялары** белгілі уақыт аралығында үлкен көлемді білімді тиімді ұғыну және қызметтің субъектілері нәтижесіндегі жетістіктерге қол жеткізудің бәрі педагогикалық технологиялар екенін түсінеміз.

Еңбекті қарқындату - бұл қызу, өнімді, әсерлі жұмыс істеу, берілген жұмыс уақыты аралығында көбірек жұмысқа үлгеру, яғни, көлемі жағынан, қосымша уақыт жағынан емес, біліктілікпен жұмысты атқара білу. Әлбетте, қарқындату педагогикалық еңбектің сапасын арттыруды қажет етеді, оқытушының кәсіптік құзіреті, сондай-ақ уақытты толық пайдалану, берілген уақыт аралығында анағұрлым көбірек білім беру.

Бірақ, Ю. Бабанский, М. Поташник бұл жағдайларда туындайтын шамадан тыс оқудан сақтануды ұсынады «...тиімді шара керек, оқытушыға темп пен көлемді ескеретін, жағдайға байланысты жоғары, білім алушылардың денсаулығына нұқсан келмейтін, басқа дисциплиналарға үлгеретіндей тиімділік критерийлері түрінде шектеу қажет». Бұл таңдаудың методикасы оқытушыға оқыту оптимизациясының теориясын ұсынады[3, с.104-105].

«**Оңтайландыру**» белгілі бір функцияның көп немесе аз түрде көрсетілуі немесе көптеген мүмкін варианттардың арасынан[9, с.357] ең жақсысын таңдап алу, мысалы жұмыс методикасының нақты шарттары арасынан, яғни нормативті немесе минималды уақыт аралығында оқытушы, білім алушы, топ, жоо нәтижелерін алуға мүмкіндік береді. Бұл интенсификация арқылы, бар күш-жігерді жұмсау арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Технологиялардың тиімділігі, білім беру тәсілін оңтайландыру, білім берудің тиімді жақтары заманауи педагогикалық технологиялардың ажырамас атрибуты болып табылады.

**Тиімділік**(лат. effectivus – белгілі нәтиже беруші) «максималды қол жетімді немесе алдын ала ойластырылған мақсатқа қол жеткен нәтиженің қатынасы...» [7, с. 471-472.].

**Ұтымдылық** («Ұтымды» - орынды негізделген, пайдалы[4,с. 597]) оқытушының пайдалы қызметін түсіндіреді, олай болса, білім беру технологиясының жанаруы жолында білім алушының да ұтымдылығы болып қарастырылады.

Қарқынды білім беру технологиясының маңызды компоненті болып психологиялық компонент табылады. «Оқытушы - студент» арасындағы өзара бейімделу қарқынды білім алуда студенттер арасындағы, студент пен оқытушы арасындағы «бейімдік әрекеттесу» достық қарым-қатынасты, өзара сеіім, өзара көмекті білдіреді (1 кесте).

1 кесте. Қарқынды технологиялардың коммуникативті біліктілігі

Негізгі компоненттер	Коммуникативті біліктіліктің қалыптасуының қарқынды технологиялары(оқыту мәселесі, ойын қызметі, ынтымақтастықтың, өзін-өзі кемелдендіруі және т.б.)
Диагностикалық	студенттің білім деңгейін, оның шынайы оқу мүмкіндігін ескере отырып, коммуникативті қызметінің нәтижесін бағалау әдісін қолдану; студенттің және оқытушының коммуникативті білімін, ұсталығын және икемділігін анықтау; жоо-ның оқу және тәрбие ісіндегі коммуникативті біліктілікті түзету
Жобаланған	студенттердің қызығушылықтары, мотивациясы және мүмкіндіктерін коммуникативті біліктілігінің дамуы және мақсаттарының жобалануы
Мазмұнды	жасын және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың білім стандартын саралау нәтижесінде коммуникативті қызметінің дайындық деңгейін арттыру
Модельдеулер	студенттердің білім алу процестерін жандандыру нәтижесінде жіті технологияларды таңдауы, өзін-өзі шығармашылық жетілдіруі, танымдық дербестігі
Ұйымдық	коммуникативті біліктілікті дамыту мақсатында білім беру процесінің әдістерін қарқындату үшін ақпараттың ең жаңа көздерін, қосымша әдебиеттерді, аудиовизуальды әдістерді, компьютерлерді, интернет технологияларды қолдану; білім беру аясының шығармашылық ұйымы, дөңгелек үстелдегі талқылау, микро және макро топтар арасында білім беру шарттарын ыңғайластыру
Психолого-педагогикалық	«оқытушы - студент» субъект-субъектті қатынас жүйесінде өзара бейімделу; гуманистік әрекеттестік - жауапты көңіл, студенттер арасындағы, студент пен оқытушы арасындағы достық; өзара жаралған сенімділік, көмек атмосферасы, жағымды эмоциялы көңіл-күйге

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Білім беруде қазіргі ақпараттық технологиялар. Роберт И.В. – Мәскеу, Школа-Пресс, 1994.-215 б.
- [2] Benefits and drawbacks of controlled laboratory studies of second language acquisition. Yang L. R. Cambridge: Cambridge University Press, 2001. 173–193 б.
- [3] Білім жүйесінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар. Полат Е. С. — Мәскеу, Просвещение, 2000. — 45–46 б.
- [4] 4. Интернет дегеніміз не? Білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар.// Кушниренко А. Г., Леонов А. Г., Кузьменко М. А. және т.б. Білім және ақпараттану - № 5, 7. -1998.- 56-57б.
- [5] Оқытудың жаңа қарқынды әдісі. Журнал "Шет тілдері мектепте", Щукин А. Н. 2005, № 2; — 36–37 б.
- [6] Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларына негізделген компьютерлік оқу құралы.// Педагогика. Глазов Б. И. Ловцов Д. А. — № 6. 1995.- 12–13 б.
- [7] Амонашвили Ш.А. Педагогикалық үдерістің жеке-адамгершілік негізі [Мәтін] - Мн.: Университетская, 1990.- 560б.
- [8] Ожегов С.И. Орыс тілінің сөздігі[Мәтін] - М.: Русский язык, 1988. - 750б.
- [9] Пидкасистый П.И. Оқушының сабақ үстіндегі іс-әрекетінің ұйымдасуы[Мәтін] / П.И. Пидкасистый, Б.И. Коротяев - М.: Знание, 1985. -80б.
- [10] Селевко Г.К. Заманауи білім беру технологиялары[Мәтін]: оқу құралы. - М.: Народное образование, 1998. - 256б.
- [11] Шетел сөздерінің сөздігі[Мәтін] - 18-ші баспа, өшір. - М.: Рус. яз., 1989.- 624б.

## REFERENCES

- [1] Modern information technology in education. Robert IV, Moscow School Press, 1994, 215 p.
- [2] Benefits and drawbacks of controlled laboratory studies of second language acquisition. Yang L. R. Cambridge: Cambridge University Press, 2001. 173–193p.
- [3] New pedagogical and information technologies in the education system. Polat ES, Moscow, Education, 2000, 45-46p.
- [4] What is the Internet? Information and communication technologies in education, Kouchnirenko AG, Leonov AG, Kuzmenko MA, and so on. D. Information and education, №5, 7, 1998, 56-57p.
- [5] A new method of intensive training. Magazine "Foreign languages at school" Shchukin AN 2005, № 2, 36-37p.
- [6] Computerized tutorial, based on new information and educational technologies, Pedagogy. Glazov BI Hunters DA, № 6. 1995, 12-13p.
- [7] Amonashvili, Sh Personality-humane manner pedagogical process [Text], Mn.: University, 1990, 560p.
- [8] Ozhegov, SI Russian Dictionary [text], M.: Russian Language, 1988, 750p.
- [9] Pidkasistyĭ, P.I. Organizatsiya student activities in the classroom [Text], PI Pidkasistyĭ, BIKorotyayev, M.: Knowledge, 1985, 80p.
- [10] Seleucus GK Modern educational technology [Text], a tutorial, M.: Education, 1998, 256p.
- [11] Dictionary of Foreign Words [Text], 18th ed., Sr., M.: Eng. lang., 1989, 624p.

## Инновационные технологии и обучение иностранным языкам

Т.Н. Калбирова

[kalbirovatol@mail.ru](mailto:kalbirovatol@mail.ru)

ҚазНТУ им. К.И.Сәтпаева, г. Алматы, Республика Қазақстан  
Конституционный Совет, Республика Қазақстан, г. Астана

**Ключевые слова:** мультимедийные средства обучения, парадигма обучения, коммуникативная деятельность студентов, интенсификация самостоятельной работы.

**Аннотация.** В статье раскрывается необходимость и важность применения инновационных технологий на занятиях иностранных языков. Также в статье подробно рассматриваются мультимедийные технологии, выступающие в качестве особых интеллектуальных средств деятельности. Они имеют ряд преимуществ по сравнению с другими информационными технологиями обучения, так как позволяют: совершенствовать процесс органического сочетания традиционных форм и методов образования с инновационными; реализовывать обучающую, информационную, игровую, моделирующую, конструирующую и аналитическую функции; выполнять такие общедидактические принципы как наглядность, доступность, посильная трудность, системность, переход от обучения к самообразованию, положительный эмоциональный фон обучения, связь теории с практикой. Применение инновационных технологий обучения создает наиболее благоприятные условия и способствует значительному повышению мотивации в процессе обучения иностранным языкам.

Поступила 27.03.2015 г.